

2016 жылы қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұйымдастыру және оның көлемі туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № 130 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 ақпанда № 3590 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 17 мамырдағы № 173 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 17.05.2016 № 173 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5) тармақшасына және 20 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Отырар ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты болады.

3. Ақы төленетін қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбек, заңнамасы, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнама қолданылады.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.Әлішке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е.Айтаханов

2016 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және олардың қаржыландыру көздері

Р/с	Ұйымдардың атауы	Жылына қоғамдық жұмыстарға сұраныс (адам саны)	Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері	Қаржыландыру көздері
1	Отырар ауданы әкімдігінің "Аққұм ауыл округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту-15000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу-320 түп	Аудандық бюджет
2	Отырар ауданы әкімдігінің "Ақтөбе ауыл округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту-13000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу-1030 түп	Аудандық бюджет
3	Отырар ауданы әкімдігінің "Балтакөл ауыл округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	25	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту-18000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу-370 түп	Аудандық бюджет
4	Отырар ауданы әкімдігінің "Қарақоңыр ауыл округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту-15000 шаршы метр	Аудандық бюджет
5	Отырар ауданы әкімдігінің "Қарғалы ауыл округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту-15000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу 330 түп	Аудандық бюджет
6	Отырар ауданы әкімдігінің "Қоғам ауыл округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	25	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту-15000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу-320 түп	Аудандық бюджет
7	Отырар ауданы әкімдігінің "Көксарай ауыл округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	25	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту-15000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу-280 түп	Аудандық бюджет
8	Отырар ауданы әкімдігінің "Маяқұм ауыл округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту-15700 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу-5980 түп	
9	Отырар ауданы әкімдігінің "Отырар ауыл округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	25	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту-16000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу-2920 түп	Аудандық бюджет
10	Отырар ауданы әкімдігінің "Талапты ауыл округі	25	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту-17500	

	әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі		шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу-875 түп	Аудандық бюджет
11	Отырар ауданы әкімдігінің "Темір ауыл округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	25	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту-15000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу-250 түп	Аудандық бюджет
12	Отырар ауданы әкімдігінің "Шілік ауыл округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	10	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту-10000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу-250 түп	Аудандық бюджет
13	Отырар ауданы әкімдігінің "Шәуілдір ауыл округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	46	Ауылдық округінде көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту-60000 шаршы метр, ағаш көшеттерін отырғызу 850 түп	Аудандық бюджет
14	Оңтүстік Қазақстан облысы "Отырар аудандық прокуратурасы"	4	Іс-қағаздарын жүргізу, бандерольдерді, пошталарды жеткізу-3600 құжат, аумақтарды көгалдандыру және абаттандыру-22,3 шаршы метр, ғимарат қызметшісі-170,5 шаршы метр	Аудандық бюджет
15	Оңтүстік Қазақстан облысы "Отырар аудандық соты"	5	Сотпен шығарылған хат, хабарларды пошта торабына, мекемелерге тапсыру, сот отырысының хатшысына көмектесу	
16	Оңтүстік Қазақстан облыстық "Ішкі істер департаментінің Отырар ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі	25	Қоғамдық тәртіпті сақтауға көмек көрсетуді қамтамасыз ету-13 ауыл округі	Аудандық бюджет
17	Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Отырар аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	20	Мекеме аумағында көгалдандыру, көріктендіру, және қоқыстардан тазарту-6000 шаршы метр, ағаштарды әктеп шығу, ағаш көшеттерін отырғызу-120 түп, гүл көшеттерін отырғызу-40 дана	Аудандық бюджет
18	Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Отырар-Жылу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	40	Аудан орталығын көгалдандыру және тал егу-20000 дана, жерге күздік көшет егу-100 шаршы метр, саябақтарды күтіп баптау және тазалау-30,4 шаршы метр, көктемге дайындық жұмыстары 140 шаршы метр, минералды тыңайтқыштар себу, дәрілеу, суару-5 шаршы метр	Аудандық бюджет
	Барлығы:	400		

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.